2. КҮЛБАДАН АБАЙҚЫЗЫ (1862-1932) – Абайдың бәйбішесі Ділдәдан туған қызы. Оны Абай жас кезінде Семейге орыс мектебінде оқытқан. Күлбадан Дүтбай Уандықұлының інісі Дүйсекеге тұрмысқа шыққан. Дүйсеке өлген соң Күлбаданды әменгерлік жолмен Дүтбай алған. Күлбадан Дүйсекеден – Хамза, Дүтбайдан – Мүкен, Мұқтар, Мұштар, Мәкен. Қадиша деген балалары тараған. Күлбадан туралы мәліметтер Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал музей қорында сақтаулы.

3. ӘКІМБАЙ (ХАКІМБАЙ) АБАЙҰЛЫ (1865-74) – Абайдың Ділдәдан туған баласы. 9 жасында қайтыс болған.

4. ӘБДІРАХМАН (ӘБІШ)

ӨСКЕНБАЕВ (1869-95) – Абайдың Ділдәдан туған баласы. Абай Әбдірахманды Семей қаласындағы уездік мектепке (1882) береді. Әбдірахман 1886-89 ж. Түмен қаласындағы Александров реалдық училищенің 5,6,7-кластарын оқып бітіреді. 1889-92 ж. С-Петербургте Михайлов артиллерия училищесінде 3 жыл оқып білім алады. Училищеге әуелде қатардағы юнкер дәрежесінде түскен Әбдірахманға 1890 жылы унтер-офицер, 1892 жылы портупей-юнкер, сол жылы тамызда под-



поручик деген әскери атақ беріледі. Әбдірахман училищені өте жақсы деген бағамен бітіреді де, 1892 жылы Ташкенттегі бекініс гарнизонының артиллериясына қызметке жіберіледі. Әбдірахманға 1892 жылы берілген мінездемеде мінез-құлқының өте жақсы, ашық, жарқын екені, әскери қызметіне жауапты қарайтыны, таңдаулы офицер болғалы тұрғаны, бірақ денсаулығының нашар екені жазылып, оның құрметті қазақтың баласы екені де ескертіледі.



Осыған қарағанда Абайдың қандай адам екендігі Петербургте де белгілі болған. Әбдірахман 1892 жылы елге демалысқа келгенде Мағрипаға (Мағыш) үйленеді. Мағыштан Рахила деген қызы туады. Г.Р. Державин, Н.М.Карамзин, В.А.Жуковский, И.А.Крылов, М.Ю.Лермонтов, А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь, А.С.Грибоедов, И.В.Гете шығармаларын ден қойып оқыған. Әбдірахман неміс тілінде еркін сөйлеп, жаза білген. Ол училищеде оқып жүрген кезінде әкесіне қажетті кітаптарды мезгілінде жіберіп тұрады. Ұғымы ауыр сөздердің мағынасын қоса жазып жолдайды. Сөйтіп Абайдың дүние жүзі тарихынан, әлем әдебиетінен сусындап, Крылов, Пушкин, Лермонтов, Гете шығармаларын аударуына көп көмегін тигізеді. Өзінің ой-қиялына, әлеуметтік көзқарасына, ақындық шабытына рухани дем беріп, ақылшысы, сырласы да бола білген Әбдірахманға Абай зор үміт артқан. Әбдірахман 1895 жылы 15 қарашада Ташкентте қайтыс болады да, сүйегі елге әкелініп, Ақшоқыға жерленеді. Абай Әбдірахманға арнап: «Алланың рахматын...», «Орынсызды айтпаған...», «Көзімнің нұрысыз...», «Тілім, саған айтайын...», «Арғы атасы қажы еді...», «Кешегі өткен ер Әбіш...», «Тұла бойың ұят, ар едің...», «Жиырма жеті жасында...», «Талаптың мініп тұлпарын...», «Бермеген құлға қайтесің...», «Жылағанды тоқтатып...», «Айналайын құдай-ау...», - атты хат-өлеңдер, жоқтаулар жазған.



5. МАҒАУИЯ АБАЙҰЛЫ

ҚҰНАНБАЕВ (1870-1904) – Абайдың жиырма бес жасында, Ділдәдан туған кенже баласы. Жас шағында Абай бұны ауылда мұсылманша аз оқытқаннан кейін қалаға апарып, Семейдегі Городские училище дейтін орысша мектепке түсіреді. Мағауияның алдында орысша оқуға берген ағасы Әбдірахман Түмен қаласында оқып жүреді. Мағауия мен бірге Күлбадан деген қызын да орысша оқуға береді. Мағауия екі-үш жыл оқығаннан кейін жұқарып, науқасқа шалдыға бастайды. Содан Мағауия

амалсыздан оқуды тоқтатып, ауылға қайтады. Осыдан соң үнемі Абайдың өз қасынан қалмай, әкенің өз тәрбиесінде болады. Бұның жастық шақтарында Абай орысша кітап оқуға барынша ден қойып,



өздігінен мол ізденеді. Сонда Абаймен ілесіп Мағауия мен Кәкітай екеуі де орысша кітапты Абайша қатты зер салып оқиды. Жаз сайын келіп жүретін Әбдірахманның да оларға көмегі көп болады. Сонымен, Мағауия оқымысты жастың бірі болады. Ол әкесіне ел жұмысында да үлкен серіктік етеді. Ерекше адамгершілік тазалығы бар, өте бауырмал және кең мінезді, әділеті мен ары зор, ерекше қасиет иесі адам болады. Ел көпшілігі Абайдың билігімен қатар бертін кездерде Мағауияның әділ көмегін де көп көреді. Әкесінің ақындық еңбегін аса қадірлеп, жақсы білген, ұғынған. Мағауия өзі де Ақылбай, Көкбай сияқты ақындық еңбекке беріледі. Бұның жазған ұсақ өлеңдері Әбдірахманның науқасына байланысты көңілшері есебінде, өз орталарында аса мәлім болмады. Сонымен қатар Мағауия Абайдың мәслихатымен және материал беруімен пайдаланып, бірнеше поэма жазады. Ол жазған поэмалар: «Медғат-Қасым». «Еңлік-Кебек», «Абылай» поэмалары қолжазба күйінде сақталса да оқушыларға тарамаған... «Медғат-Қасым» поэмасының тақырыбы да қазақтан жырақ, алыс елдер өмірінен алынған. Ақылбай ізденген жолмен тың тақырып, мазмұнды Мағауия да Африка елінің болмысынан алады.

«Бір әңгіме қозғайын ойымдағы,

Мақсат болды әшкере болынбағы.

Бай мейірсіз, ер құлдан жаза тартқан,

Африкада, Ніл дария бойындағы» - деп сөз бастайды.

Поэмадағы тартысқа араласатын адамдардың жайын әңгіменің басынан-ақ таныстыра кіріседі. Мейірімсіз байдың ер құлдан жаза тартқанын әңгіме етейін деп, ақын өз тақырыбының айшығын танытады. Осыдан соң оқиғаның болатын географиялық ортасын танытып, Африкадағы Ніл дариясының жағасын, оның айналасында тоғам салып, кәсіп еткен Мүлік нәсілін әңгімелейді. Осылайша поэма тақырыбын оқушыға алдын-ала таныс ете көрсету үшін шығыс әңгімесінің үлгісі емес, Ақылбайдың Кавказ тауын, Дағыстан жерін, соғыста ойран болған қалаларын суреттеуден бастап өз геройы-а біртіндеп, белгілі бір күнге, арнаулы бір мезетте, ерте сәскеде көз салатын сияқты. Мағауия да «Медғат-Қасым» поэмасында жаңағыдай жер мекендерін айтып, ол өлкеде кәсіп еткен адам қауымдарын айтып, өте дәл реалистік шындық көрсетеді. Абайдың өзі сияқты, бұл ақындар да Европа және орыс классиктерінің поэмасының дәстүрінен үлгі алған. Ол дәстүр көбінесе





дәлдікті, нақтылы шын халді сүйеді. Шығыс әңгімесі болса, бір айтылса болды, одан ары өмірлік дәлдік ескертілмейді. Мағауия тек бұл айтқан жайда ғана емес, поэмасының кейін көрінетін барлық құрылыс, стилі мен сюжеттік, образдық мәдениет өрнегімен және қазақ поэмасына кіргізген көркемдік жаңаша шеберліктері мен орыс поэмаларынан көп үлгі алғанын айқын танытады. «Медғат-Қасым» поэмасы да – романтизм сарынындағы поэма. Бірақ негізгі стилі солай бола тұрса да, бұл поэманың реалистік шындық пен өмірге жанасымды, қонымды берген тартыстары, мінездері (характерлері) дәлелді көркемдікке сүйенген. Романтизм негізгі сарыны дейтініміз бұл поэманың үлкен желілері және де бір-екі сезіммен түйілген геройлардың іс-әрекетінен туады. Ол сезімдер бұл поэмада да геройларды өздеріне нық бағындырады. Ішкі дүниелерін, сөз ойларын, мінез-қиялдарын және тартыс армандарын бір арнаға түйеді... Шығармаларының ішінде «Медғат-Қасымнан» көркемдігі және әсіресе идеясы, ойы зор еңбек жоқ. Бұнда Мағауия үлкен ізденгіштік, ағартушылық және қоғамдық озық идеялы, ірі мәдениеттілікпенен жақсы үйлестірген. Қасымның кек алу жолында істеген мінездері өмір шындығына анық үйлеседі. Шығарманың адам мінезіне байланысты негізгі тақырыбы, идеясы осы болғанда, бұл бір Қасымның басының ісі емес. Поэмадағы осы жөніндегі тартыста үлкен жариялылық қасиет бар. Поэзияның үлкен үлгісін шебер танытқан Мағауия өлең, теңеу, сөздік жағынан да өз шығармасының төркін-тегін, жеке шындықпен жақсы аңғартып отырады. Оқушы бұл шығарманы жазған адам анық оқымысты, білікті ақын екенін поэманың ішкі-сыртқы мазмұны, жалпы стилі, тілі сияқты үлкенді-кішілі элементтерінің барлығынан толық тани алады. Ақындық мектеп тек ұстаз ақынның өзі тапқан жол, жаңалықты қайталап қана қойса, ол аз болар еді. Абай берген бағыт бойынша ізденген шәкірт ақын Мағауия осы шығармасында Абайдың өзі жазбаған анық сюжетті поэманы туғызады. Ақылбай мен екеуі де романтикалық поэманың стилін қазақ әдебиетіне әкеліп кіргізгенде, анық соны, жаңа, жақсы ағым қосты деу керек. Сонда Ақылбай шығармасында идея жағынан, жоғарыда біз айтқандай, қайшылық болса, Мағауия өз шығармасында бұл жөнінде де ілгерлеп түсіп, анық бағалы табыс әкеледі. Егер сол Абай, Мағауиялар уақытында қазақтың баспасөзі болып, сыншылдық, зерттеушілік, әлеуметшілік ойы өскен болса, Мағауияның осы поэмасының орны





қазақ әдебиетінде 19 ғасырдың соңында шыққан жаңалықтардың көрнекті тұрғысының бірі деп атауға жарар еді. Абайдың өз маңындағы өнерлі жастар «Медғат-Қасымды» шынында, дәл осы біз айтқандай бағалай білген Мүрсейіт сияқты, Самарбай, Дайырбай, Махмұд бар және басқа көп көзі ашық жастар «Медғат-Қасым» поэмасын да, Абайдың өлеңдерін де жиі көшіріп, көп таратқан. Ал Мұқа, Әлмағамбет сияқты әнші өнерпаздардың бәрі де олардан бергі замандағы жастар да «Медғат-Қасымды» түгел жаттап алып, әнге салып жырлап айтады. Осындай оқушы мен тыңдаушыға бағалы болған қасиеттердің себебінен «Медғат-Қасым» поэмасы жоғалмастан және де бір жолға ауысып, ұмытылмастан біздің заманымызға түгел жетіп отыр. «Медғат-Қасым» - Мағауияның ең соңғы поэмасы. Бұдан бұрын Абайдың тақырып етіп, шәкірт достарына тапсырып беруі бойынша, Мағауия қазақ өмірінің өзінен алып, тағы бір поэма жазған. Бұл-қазақ тарихындағы салттық болмыстан туған «Еңлік-Кебек» жайындағы поэма болатын. «Еңлік-Кебек» - Мағауияның алғашқы жазған шығармасы. Өлеңдік жағынан ол әлі поэма тіліне жете шеберленбеген күйді танытады. Тілі тұтқыр және анық поэзиялық ерекшелік жағынан олақтау келген сырт құрылыс байқалады. Бірақ идея жағынан қарағанда бұл поэманың да өзінше өз тұсындағы ақындардың шығармаларынан оқшау тұрған, озғын жайлары бар. Сол ерекшеліктің үлкені – Кеңгірбайдың образын, ісін бейнелеуден айқын көрінеді. Мағауияның уақытында, рушылдық салт бойынша тобықтының аруақ тұтып, қадірлейтін атақты биі – Кеңгірбай болатын. Заманында оның істеп кеткен озбыр, содыр істері болса да рушылдық, ақсақалдық салт-сана бойынша кейінгі ұрпақ Кеңгірбайды сынамастан «баба» деп, «би» деп қадірлейтін. Абай болса, қазақтың бұндай ескілікті кертартпа санасына өзінің сыны мен ақылын билеткен, бағындырған емес. Ол Кеңгірбайдың өз заманындағы парақорлық сияқты арамдықтарын ашып айтып, әшкерелеп жүретін. Еңлік пен Кебектің өліміне себепші болған – Кеңгірбайдың билігі. Ол осы билікті Матайдан пара алып айтты деп сынайды. Кейінгі надан ұрпақ Кеңгірбайдың атын да атамай, оны «Қабекен» дейтін. Мағауия осы жөнінде еркін сыншылық танытады. Кеңгірбайдың әулиелік, аруақтық маскасын сыпырады. Жаңа буынның сыншыл, әділетшіл, гуманистік талабын өзіне үлкен мақсат етіп, өткен заманның үлкен беделі мен трагедиялық істерін батылдықпен ашып, әшкерелеп жырлайды. Еңлік пен Кебектің





тағдырын шешкен түп себепті айта келіп:

Тобықтыда сол кезде Кеңгірбай би,
Қыз қайнынан астыртын алыпты сый.

Айтады қыз қайнына бітім жерде,

Әуелі ұстап алып қызыңды тый... – деп биліктің сырын ашады.

Кейін сол билік бойынша Еңлік пен Кебек өлтірілген соң, ақын өзінің ызалы сынын Кеңгірбайға бұрады:

«Қылжырлықтан атандың биім «Қабан»,

Қабан түбі шошқа ғой, білсең надан.

Үлкен билік алдында сөйлесермін,

Жазасы не болады бидің арам!» - дейді.

Бұрынғы ру басшысына, билеушісіне мұншалық батылдықпен өкім айтуға жеткен ақындық сана. Абай тұсындағы жас талапкерлердің ойлануы, ізденулері, қаншалық кең өріске, үлкен азаттыққа жеткенін көрсетеді. Адамгершілік, гуманистік сарын бұл поэманың соңында Еңлік пен Кебектен қалған жас нәрестенің өлім халін айтуда да көрінеді:

«Балаға ешбір пенде қарамапты,

Тобықты неткен жаман діні қатты.

Шеткі Ақшоқы басында бесігімен,

Деседі бір күн бойы жылап жатты...» - деп бітіреді.

Поэманың осы соңғы жолдары да надан заманның, қараңғы ортаның қатал мінездеріне қарсы айтылған ашулы өкім есепті болады. Осылайша образдарды бейнелеуде, өткеннің қараңғылығын сынап көрсетуде, адамершілік талабын ең үлкен мақсат, арман етіп биік сапада танытуда Мағауияның бұл поэмасы да өз уақыттындағы бағалы еңбек болатын.

6. РАЙХАН АБАЙҚЫЗЫ (1871-96) – Абайдың бәйбішесі Ділдәдан туған қызы. Найман еліндегі Серікбай байдың ұлы Құдайбергенге тұрмысқа шыққан. Райханның естелігіне қарағанда Абай осы ауылда талай рет болып, дойбы ойнаған. Өзі ұтса «ми ұтады ғой», қарсы жағы ұтса «тақтай баққан, ойын аңдыған ку ұтады ғой» деп елді күлдіріп отырады екен. Райханның әкесі туралы естеліктері Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық музейінде сақтаулы.

7. ТҰРАҒҰЛ ИБРАГИМОВ (1876-1934) – Абайдың екінші әйелі Әйгерімнен туған баласы, ақын, аудармашы. Жасынан ауыл молдасынан оқып, сауат ашқан. Кейіннен өздігінен ізденіп орысша,






арабша оқып, білімін жетілдірген. Турағұл 1904 жылы Күшік тобықты еліне болыс болып сайланып, 1905 жылы өз арызы бойынша болыстықтан босатылған. 1916 жылы болыс сайлауында Шыңғыс елінің болысы Біләл Құнанбаевқа кандидат болып сайланған. 1917-20 жылдары ол Семей өңіріндегі алаш қозғалысына белсене араласып, әр түрлі жауапты қызметтер атқарған. Турағұл бала жасынан әкесінің қолында тәрбиеленген. Сондықтан да Абайдың әр бір өлеңі қай кезде қалай жазылғанын және кімге



арналғанын жақсы білген. Ол Кәкітай Ысқақұлымен бірге 1909 жылы Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағын Петербургте бастырып шығарған. Сондай-ақ 1927 жылы Қазақ АССР білім комиссариатына тапсырған толық қолжазба жинақтың ғылыми құндылығы аса жоғары дерек көздері болып табылады. Тұрағұлдың соңғы аталған еңбегі бүгінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік Орталық музейінде сақтаулы. Тұрағұлдың Абай мұрасын жинастырып бастыруда аса құнды мағлұматтар жазып, ақын шығармаларының текстология әуелгі түпнұсқаны қалпына келтіруде абайтану ғылымына үлесі зор. Ол М:О. Әуезовқа «Әкем туралы» деген көлемді естелік жазып берген. Тұрағұлдың Абай туралы естеліктерінің қысқаша нұсқасы 1993, 1940 жылдардағы Абай шығармалары жинағында, баспасөз беттерінде жарияланған. Тұрағұл ақын болумен қатар домбыра, скрипкада шебер ойнаған. Оның қызы Мәкен әкесінен үйренген Абайдың 17 әнін нотаға жаздырған. Ол А.М.Горькийдің «Челкаш» әңгімесін тұңғыш рет қазақ тіліне аударып, («Таң» журналы, 1924, №3, 4) бастырған. А.Неверовтың «Мен өмірге жерікпін» (Москва, 1927), Джек Лондонның «Балалық туралы ертегі» (1927) және «Балалы әйел не білу керек» (Москва, 1927) деген ғылыми медициналық, кітапшаны аударып, бастырып шығарған. Тұрағұлдың өз ағасы Әбдірахманға арналған т.б. өлеңдері Абайдың мемлекеттік қорық-музейі қорында сақтаулы.





8. МЕКАЙЫЛ (МЕКЕШ) АБАЙҰЛЫ (1884-1931) – Абайдың Әйгерімнен туған баласы. Арабша, орысша сауатты болған. Абай өлеңдерін түгелдей жатқа білген. Домбыра тартып, ән салып, әкесі жайлы білгендерін ел ішінде әңгіме етіп, халыққа таратқан. М.Әуезовте Мекайылдың Абай туралы әңгімелерін жас шағында көп естіген. Ағасы Тұрағұл ауылымен бірге Ақшоқы маңайын, Тышқан деген жерді мекендеген. 1931 жылы бай баласы ретінде ұсталған. Оның Құзайыр, Әлішер деген балалары Ұлы Отан соғысына қатысып, қаза тапқан.

9. ІЗКӘЙІЛ (ЗІКЕШ) АБАЙҰЛЫ (1895-1929) – Абайдың Әйгерімнен туған баласы. Домбыра мен скрипка тартып, ән салатын өнері болған. Арабша оқып, білім алған. Ойқұдықта тұңғыш рет қойылған М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасында Абыздың ролін ойнайды. Ізкәйілдің үш шекті домбырасы Абайдың республикалық әдеби- мемориалдық музейінде сақтаулы.

10. КЕНЖЕ АБАЙҚЫЗЫ (1901-32) – Абайдың Әйгерімнен туған кенже қызы. Алтыбақан, ойын-сауық кештерінде Абай әндерін нәшіне келтіре орындап, оны халық арасына таратуға көп үлес қосқан. Кенже 1914 жылы Мұсабайдың ұлы Әубәкірге ұзатылады. Көп ұзамай Әубәкір қайтыс болып, Ғабитхан молданың шөбересі – Сәлімғазыға тұрмысқа шығады. Кейін тұрмыстары нашарлап, 1932 жылы Тоқмақта тұратын Тұрағұлдың қолына көшіп келіп, сонда қайтыс болады.

АБАЙ ҰЛДАРЫНАН ТАРАҒАН ҰРПАҚТАР:



Әлімкүл Ақылбайұлы



Бәкізат Ақылбайқызы



Исраиыл Ақылбайұлы



Кәмила Мағауияқызы



Уәсилә Мағауияқызы



Ақылия Тұрағұлқызы



Мәкен Тұрағұлқызы



Бағфур Әлімкүлұлы



Қауаш Әлімкүлқызы



Зәбилә Әлімқұлқызы




Шәбеп Әлімқұлұлы



Нәзипа Исрайылқызы



Күлзипа Исрайылқызы



Жошыхан Жағыпарұлы



Рафила Жағыпарқызы



Ишағы Жағыпарқызы



Ғазел Жағыпарқызы



Берекехан Құтайыбаұлы





Эрнест Бағфурұлы



Бауэр Бағфурұлы



Айдар Бағфурұлы

ДІЛДӘДАН ТУҒАН ТҰҢҒЫШ ҰЛЫ АҚЫЛБАЙДАН:

1. **Әлімқұл Ақылбайұлы (1879-1914)** – Абайдың немересі. Әлімқұлдан - Шәбеп, Бағфур, Зәбила, Қауаш туады. Әлімқұлдың балалары атасының үйінің дүние-мүліктері мен фото-суреттерін Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық музейіне тапсырған.

2. **Әубәкір Ақылбайұлы (1881-1934)** – ақын, әнші-композитор. Абайдың немересі, әрі шәкірті. Атасының шығармаларын халық арасына таратуға көп еңбек сіңірген. Әубәкірді Абайдың інісі Оспан балалары болмаған соң, бауырына салып өсіріп, тәрбиелеген. Әубәкір өлеңді суырып салып та, жазып та шығарған. Немересінің ақындыққа бой ұрғанын байқаған Абай Әубәкірді ерекше жақсы көріп, бағыт-бағдар, ақыл-кеңесін беріп отырған. Әубәкір жас кезінен өлең-жырға құмар болып, шығыс қиссалары мен батырлар жырын жатқа айтып, домбырада күй тартып, ән салған. Абайдың тапсырмасымен әзіл, мысқыл, әжуа, сықақ өлең шығарып, 19 ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі сатираға өзіндік үлес қосқан. Ол сол кездегі келеңсіз құбылыстарды аяусыз сынап:

«О, ішінде қымың да бар, жымың да бар,
Өмірде би болмаған сұмың да бар.

Анық әділ тартпасаң таразыға,

Балтаменен шабатұғын мінің де бар» - деп ащы мысқылға толы өлеңдер шығарып, халықтың қалың көпшілігінің қараңғылығы мен надандығына жаны күйген. Әубәкір сатиралық өлеңдермен бірге

тарихи шығармаларға бет бұрып, «Мамай батыр», «Әнет бабан», «Ақтабан шұбырынды», «Оралбай мен Керімбала», «Әреке мен Береке» деген әлеуметтік дастандар да жазған. 30 жылдары Абай ұрпақтары қуғын-сүргінге ұшыраған қиын кезеңді шынайы суреттеген «Шыңғыстау» дастаны өзінше бір төбе. Әубәкір талантты әнші-композитор ретінде де белгілі. Оның өз өлеңдеріне шығарған «Көкен қалқам», «Әліпби», «Әубәкірдің әні», «Дарифа» деген әндері бар. Кеңес өкіметі тұсында шығарған «Кооператив», «Советтің наркескені» т.б. өлеңдер жазып, сол уақыттағы өмір шындығын жырға қосқан.

«Шен алған, шекпен алған, қанжар, қылыш,

Қазаққа жолы құтты болған ырыс.

Ұлжаннан туған төртеу, бірі – Абай,

Жаралар сондай болып қандай туыс» - деп, Абай атасының кемеңгерлігін өлеңге қосқан. Ол Абайдың ақындық мектебінің талантты өкілі ретінде танылды. Әубәкір өлеңдері «Жаңа жолаушы», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Ел аузынан» жинағында (1985, 89), «Қазақ поэзиясының антологиясында» (1993) жарық көрді. Басқа шығармалары Ұлттық ҒА-ның орталық ғылыми кітапханасы мен Абайдың Семейдегі әдеби-мемориалдық мұражайында сақтаулы.

3. Сағадат Ақылбайқызы (1884-1908) – Абайдың немересі. Жастай қайтыс болған. Сағадат туралы архивтерде ешқандай дерек жоқ.

4. Бәкизат Ақылбайқызы (1885-1924) – Абайдың немересі. Ақынның баласы Ақылбайдың қызы. Ағасы Әубәкір екеуі Оспанның бауырында, Еркежанның қолында тәрбиеленген. Оспан өлген соң, Абай Еркежанға үйленеді де, Бәкизат Абайдың да тәрбиесін көріп өседі. Абай оған «Бәкизатым, шұбарсың...» деген өлең арнап кішкентай қыздың білімге құмарлығын құптағанын білдірген. Бәкизат 1902 жылы Шаған болысының адамы Сыпатай Молдабайұлына ұзатылған. Өзіне жасау ретінде берілген Абай үйінің, Ұлжан бәйбішенің, Еркежанның біраз дүние-мүлкі қызы Бәзилаға мұраға қалып, Бәзила оларды 1948 жылы Абайдың Жидебайдағы музей – үйіне табыс еткен.

5. Рухия Ақылбайқызы (1897-1920) – Абайдың немересі. Жастай қайтыс болған. Рухия туралы архивтерде ешқандай дерек жоқ.



6. **Шәбеп Әлімқұлұлы (1903-59)** – Абайдың шөбересі, Ақылбайдың немересі. Шыңғыс болысының 10-ауылында соттың көмекші хатшысы, Абайдың Жидебайдағы мұражайының меңгерушісі болып қызмет атқарған. Абайдың мұражайында Әлімқұл үйінің ағаш төсегі сақтаулы.

7. **Қауаш Әлімқұлқызы (1910-82)** – Абайдың шөбересі, Ақылбайдың Әлімқұлының қызы. Ертегіші Баймағамбеттің баласы Салықтың Мүқлесіне тұрмысқа шыққан. Ол Абай, Ақылбай, Шәкерім, Әубәкірдің өлеңдерін жатқа білген. Қауаштың магнитофон таспасына жазылып алынған естеліктері, фото-бейнелер, Абайдың әдеби-мемориалдық қорық-музей қорында сақтаулы.

8. **Бағфұр Әлімқұлұлы Ақылбаев (1910-81)** – Абайдың шөбересі. Абайдың «Мына үйде отыр Разақ» - деген өлеңі бар. Ақылбай сол Разақтың қызы Гапураға үйленген. Бағфұр- ұзақ жыл бойы Алматы маңындағы Мыңбаев селосында тұрып сондағы техникумның директоры болып істеген. Ата-бабаларынан қалған біраз мұраны Абайдың Семейдегі әдеби-мемориалдық музейіне өткізген. Оның ішінде Құнанбайдың Меккеден киіп келген тақиясы бар.

9. **Әлихан Әубәкірұлы (1918 - ө.ж.б.)** – Абайдың шөбересі. Ұлы Отан соғысына қатысып хабарсыз кеткен.

10. **Бауэр Бағфұрұлы Ақылбаев (1937-79)** – Абайдың шөпшегі. Абайдың баласы Ақылбайдан туған Әлімқұлдың немересі. Биология ғылымдарының кандидаты. (1978) Алматыда тұрған.

11. **Айдар Бағфұрұлы (1949 ж. т.)** – Абайдың шөпшегі. Абайдың баласы Ақылбайдан, Әлімқұл. Әлімқұлдан, Бағфұр. Бағфұрдан. Айдар туған. Мұнайшы болып істеген. Алматыда тұрады. Данияр есімді ұлы бар Ақтауда. Данияр – Абайға немене.

12. **Эрнест Бағфұрұлы Ақылбаев (1935-83)** Абайдың шөбересі. Алматыда тұрған.

13. **Айдос** – Эрнест Бағфұрұлынан туған, Абайдың шөпшегі.

14. **Александра** – Айдос Эрнестұлынан туған, отбасылы. Саратов қаласында тұрады. Абайға туажат болады.

15. **Исрайыл Ақылбайұлы (1895-1959)** – Абайдың немересі,



педагог, күйші. Ол домбырада ойнап, ән салған. Талай рет көркемөнерпаздар байқауының жүлдегері атанған. Исрайыл Жидебайдағы Абай музей үйінде қызмет істеп, оның домбыра оркестірін құрып, көптеген шәкірттер тәрбиелеген. Ол бізге Абайдың «Май түні» деген күйін жеткізді. 1940 жылы «Жаңа ауыл» газетінде «Абай және ән-күй» деген мақаласы жарияланды. Исрайылдың фото-суреттері, грамоталары музей қорында сақтаулы.

16. Нәзипа Исрайылқызы (1922-1996) – Абайдың шөбересі, Ақылбайдың немересі. Нәзипа Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласында тұрды. Жоғары білімді ұстаз. Нәзипа әкесі Исрайылдың, шешесі Тұрардың артында қалған дүние-мүліктерін, киім-кешектерін, Абай және оның айналасындағылар, ақынның туған-туыстары жөнінде әке-шешесінен естігендерін Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал музей қорында тапсырған.

17. Күлзипа Исрайылқызы (1925-2014) – Абайдың шөбересі. Педагог, ақын, Ақылбайдың ұлы Исрайылдан туған. Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласында тұрды. Оның «Ұрпақ сөзі», «Ескерткіші атамның» сияқты өлеңдері және әке-шешесі тұтынған дүние-мүліктерді музей қорына өткізген. Жазушы Қ.Алтыбаевтың құрастыруымен «Ризамын – асылдың сынығы боп өткеніме» атты жинағы жарық көрді.

ДІЛДӘДАН ТУҒАН ҰЛЫ ӘБДІРАХМАННАН:

18. Рахила Әбдірахманқызы (1894-1924) – Абайдың немересі. Бәстами Мұсабайұлына тұрмысқа шыққан. Әке-шешесі қайтыс болған кезде ол әжесі Ділдә мен Мағауияның бәйбішесі Дәмегөйдің тәрбиесінде өседі. Тұрмысқа шыққан ол ақын атасының өлеңдері жазылған қолжазба дәптерді өзімен бірге ала кеткен. Рахила Абай әндерін ел арасына таратуға елеулі үлес қосты. Бұл дәптерді кезінде М.Әуезов пайдаланған.

ДІЛДӘДАН ТУҒАН ҰЛЫ МАҒАУИЯДАН:

19. Бабыр Мағауияұлы (т.ө.өж.б.) Абайдың немересі. 11 жасында қайтыс болған. Ақшоқыдағы зиратта жерленген.

20. Құтайба Мағауияұлы (1895-1919) – Абайдың немересі. Құтайбадан Берекехан туған. Ақшоқыдағы зиратқа жерленген.




21. Берекехан Құтайбаұлы (1919-42) - Абайдың шөбересі, Мағауияның немересі. Семейде 7-класты орысша оқып бітірген. Шығыс Қазақстан облысы, Новошұльба ауданы, Убо-форпост ауылдық кеңсесінен әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысында қайтыс болған.

22. Жағыпар Мағауияұлы (1896-1934) – Абайдың немересі. Мағауияның Дәмегөй деген бәйбішесінен туған. Ол Ғабитхан молданың ізбасары Махмет молдадан сауат ашып, білім алады. Ағасы Бабыр 11 жасында қайтыс болып, Ғабитхан молданың Бабырға айттырылған немересі Кұлманар Ғабидоллақызына үйленген. Одан Рапила, Ишағы, Жошыхан, Ғазел, Наркес, Ләйла, Серік туған. Ол Әйгерім мен Ділдәны өз қолымен Аралтөбеге жерлеген. Семейде мұғалімдер даярлайтын курста оқып, мектеп-интернат ашып, қазақ балаларын оқытты. Жағыпар 1930 жылы өз отбасын Убо-форпостқа көшіріп әкеледі. Сонда жаңадан мектеп-интернат ашып, оның директоры болды. 1982 жылы Жағыпардың сүйегі Убо-форпосттан алынып, Дәмегөй, Камалия үшеуінің сүйегі Ақшоқыға қайтадан жерленді.

23. Кәмила Мағауияқызы (1900-32) – Абайдың немересі. Кәмила молдадан ескіше сауат ашқан. Шыныбай дегенге тұрмысқа шығып, көп кешікпей ажырасады. Ағасы Жағыпар Мағауияұлының қолында жүрген кезінде Мұхтар Әуезовпен отасады. Әуезовтен Зере, Мағрипа деген балалары (жастай қайтыс болған) дүниеге келген. Конфискелеу зұлматы кезінде ерлі-зайыптылар ажырасуға мәжбүр болады. Кәмила Убо-форпост деген жерде ағасы Жағыпардың қолында қайтыс болған. Сүйегі Шұльба СЭС-інің асында қалатын болғандықтан 1982 жылы қазып алынып, Ақшоқыдағы Құнанбай әулетінің зиратына қойылды. Кәмила Абай әндерін нәшіне келтіріп айтатын шебер әнші болған. Оның күйеуі Мұхтарды сағынып шығарған арнау өлеңдері Семейдегі Абайдың әдеби-мемориалдық музей қорында сақтаулы.

24. Уәсила Мағауияқызы (1900-1954) – Абайдың өз қолында өскен немересі. Уәсиладан Шаймардан туған. Уәсила жастайынан алғыр болып, Абай өлеңдерін бір естігеннен кейін қайталауды қажет етпей жатқа айтқан. Ақын Уәсиланың осы қасиетін қатты ұнатып, қолжазбаларының бірін сыйлаған. Ол қолжазба кейін М.Әуезовке табыс етілген. Уәсила аздап өлең шығарып, он саусағынан өнер тамған ісмер болған. Оның Абай туралы жоқтау жыры «Боздағым»





(1990) атты жинаққа енгізілді. Уәсила Алматыдағы опера және балет театрында ұзақ жылдар бойы тігінші болып, Абай қойылымдарының ұлттық киім үлгілерін тігіп, театр өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Абайдың мінез-машықтары туралы Уәсила естеліктері жарық көрді. Уәсила Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық музейіне ақынның күміс белбеуін тапсырды.

25. Рәпила Жағыпарқызы (1919-38) – Абайдың шөбересі, Мағауияның немересі. 1936 жылы Алматыдағы педагогикалық училищені бітірген.

26. Ишағы Жағыпарқызы (1922-2014.) – Абайдың шөбересі. Мағауияның Жағыпарынан туған. Әкесі қайтыс болған соң (1934) Семей қаласындағы мектеп-интернатта тәрбие алды. Ұлы Отан соғысы жылдарында авиация технигі болып Харбин маңында майданға қатысады. Ишағының магнитофон таспасына жаздырған Абай әулеті жайындағы естелік әңгімелері Семейдегі Абайдың әдеби-мемориалдық музейінде сақтаулы.

27. Жошыхан Мағауин (1924 – 43) – Абайдың шөбересі. Ақынның Мағауия деген баласының Жағыпарынан туған. Жошыхан ақын болған. Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан даласынан қарындасы Ғазелге өлеңмен хат жазып тұрған.

«Бір теңіздің тамшысы едік екеуіміз,

Ұласамыз бір мұратқа жетеміз...» - деп өздерінің Абай ұрпағы екенін мақтаныш тұтатынын, сондықтан ақын атына кір келтіруге хақысы жоқ екенін, қашанда өзгелерге үлгі болу керектігін қарындасының есіне салып отырған. Оның майданнан жазған хаттары Абай музейінің қорында сақтаулы. Бір топ өлеңі майданда қаза тапқан азаматтардың хаттарымен топтастырылған, «Жыр аманат» атты кітапқа енген. Семейдегі Абайдың әдеби-мемориалдық музейінің «Абай ұрпақтары – майдан шебінде» деп аталатын бөлім Жошыхан өмірі жайындағы деректермен басталады.

28. Ғазел Жағыпарқызы Мағауина (1927-2011) – Абайдың шөбересі. Мағауияның баласы Жағыпардан туған. Семей, Шымкент, Арыс, Алматы қалаларында мектеп-интернатта оқыған. Кино саласында мамандар даярлайтын училищені бітіргеннен кейін Қазақ мемлекеттік университетіне қабылданып, қоғамдық ғылымдар факультетін бітірген. Ол алғашында мұғалім, кейіннен «Қазақфильм» киностудиясында қазақкиносы тарихы мұражайының





бөлім меңгерушісі болды. Абай мұрасын зерттеушілерге мағлұматтар берген. Алматы қаласында тұрды.

29. Нәркес Жағыпарқызы (1928-34) – Абайдың шөбересі, Мағауияның немересі. Жастай қайтыс болған. Денесі Шығыс Қазақстан облысы, Новошұльба ауданы, Убо-форфост ауылындағы зиратқа жерленген.

30. Серік Жағыпарұлы (1934 ж.т. сол жылы қайтыс болған) – Абайдың шөбересі, Мағауияның Жағыпарынан туған. Шығыс Қазақстан облысы, Новошұльба ауданы, Убо-форфост мекенінде жерденген.

ӘЙГЕРІМНЕН (ШҮКІМАН) ТУҒАН ТҰҢҒЫШ ҰЛЫ ТҰРАҒҰЛДАН:

31. Ақылия (Ақыш) Оразбаева (Ғақылия, Ақила) (1901-90) – Турағұлдың қызы, Абайдың өз қолында өскен немересі. Ақылияның шілдеханасында Оразбай құтты болсын айта келіп, Абайға немерелер татулықтың ұйтқысына айналсын деген тілекпен бесік құда болуға өтініш білдіреді. Абайдың өсиеті бойынша Ақылия бойжеткен соң, Оразбайдың Медеу деген баласынан туған Санияз есімді немересіне тұрмысқа шыққан. Жастардың 1917 жылғы шілде айының 7-сі күні Ойқұдықта өткен некелесу тойында М.Әуезовтың «Еңлік – Кебек» пьесасы қойылып, қазақтың Европалық үлгідегі ұлттық театр өнерінің тұңғыш сахнасы ашылады. Абай төңірегіндегі Әйгерім, Омархан, Шәкерім, Көкбай сияқты кісілерді жақсы біліп өскен Ақылия кезінде Әуезовке мол құнды деректер берген. Абай ауылына әр уақытта келіп-кеткенде А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатовтар Ақылия қолынан дәм татқан, 1918 жылдың қысында Шұнайдың бауырындағы Садыр қыстағында отырған Санияз бен Ақылияның үйінде денсаулығы нашарлаған С.Торайғыров бір қыс жатып, қымызбен емделіп қайтады. Абайдың жаңашыл әдеби мектебінің алып өкілдерінің бірі С.Торайғыровтың бірталай жырлары осы кезеңде жазылған. Ақылия Алматыдағы Қазақстан Республикасының опера және балет театрында ұзақ жылдар бойы апалы-сіңлілі Уәсила екеуі Абай ауылы, Абай заманы, Тобықты елі киіз үлгілерін тігетін бірден-бір шебер болды. Ақылияның Абай жайындағы естелік әңгімелері ССРО халық артисі Қ.Қуанышбаевтың ақын бейнесін сомдауына көп әсерін тигізді. Ақылияның Оразбай – Абай ауылдарында болған қиян-кескі оқиғалар туралы естеліктері Абайдың әдеби- қорық музейі қорында сақтаулы.





32. Жебрәйіл Тұрағұлұлы (1903-30) – Абайдың немересі. Домбыра тартып, ән салған. Ол Семей және Түмен қалаларында орыс мектебінде оқып, орысша-қазақша сауатты болған. Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген әнін домбыраға қосылып айтып, ел арасына танытқан. 1917 жылы М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасы бірінші рет қойылғанда Жебрәйіл Жапал болып ойнаған.

33. Қалиман Турағұлқызы (1904-89) – Абайдың немересі. Ахмет Әуезовке тұрмысқа шыққан. Абайдың 125 жылдық мерей тойына арнайы шақырылып, сонда сөйлеген сөздері, естеліктері магнитофон таспасына жазылып алынды. Қалиманның өз әкесі Турағұл, Әуезовтар әулеті жөнінде көптеген құнды деректер, фотосуреттері музейде сақтаулы.

34. Зұбайыр Тұрағұлұлы (1907-33) – Абайдың немересі, әйелі Қанағат (Кәкен) Жуантаяқ Тобықты Азубайдың қызы. Одан Кенесары (1928-33) туған. Зұбайыр балалық, жастық шағын Абайды көзі көрген ет жақын адамдардың арасында өткізген. 1928 жылы бай-феодалдың тұқымы, алашордашының баласы деген айып тағылып, әулетімен бірге жер аударылған. Ол 4-5 жылдай қырғыз елінде, Мерке (Жамбыл облысы) маңында, Шымкентте, Ташкентте тұрған. 1933 жылы Бішкекте қайтыс болған.

35. Мәкен Мұхаметжанова (1912 ж.т.) – Тұрағұлдың кенже қызы. Абайдың немересі. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ радиосында қызмет атқарды. Жастайынан өнерге ықыласты, әкесі Турағұлдан ақын атасы туралы естелік-әңгімелерді көп естіп, құйма құлақ, көкірегі ояу Мәкен Абай әндерін ыждағаттықпен үйреніп өскен. М.Әуезов Мәкен орындауындағы Абай әндерін зор сүйіспеншілікпен тыңдап, 1930 жылдары А.Жұбанов нотаға түсірген. Солардың бірі – «Онегиннің Татьянаға жазған хатының» алғашқы нұсқасы «Абайдың музыкалық творчествсы» (1954) атты этнографиялық жинақта жарық көрді. Кейін Мәкеннің орындауындағы Абай әндері музыка мамандары Б.Г.Ерзакович, А.Ю.Серікбаева, Қ.Жүзбасов нотаға түсіріп, магнитофон таспасына жазылып алынған. «Өнер» баспасынан 1986 ж. жарық көрген «Айттым сәлем қалам қас» жинағына Мәкен орындап жаздырған 19 әні енген.





36. Алпаш (Алыпарыстан) Оспанұлы (1922-90) – Абайдың баласы, Турағұлдың немересі. Өз әкесі Жебрәйіл. Абайдың інісі Оспанның атына жазылған. Ұлы Отан соғысына қатысып, мүгедек болып оралған. Алматы қаласында дүние салған.

ӘЙГЕРІМНЕН (ШҮКІМАН)ТУҒАН ҰЛЫ МЕКАЙЫЛДАН:

37. Құзайыр Мекайылұлы (1912-45) Абайдың немересі. Шешесі-Дәмежан. Құзайыр бай тұқымы ретінде, жер аударылып, елден қуылған. Фрунзе (Бішкек) қаласына барып паналап, қара жұмыс істеген. Сол жерден әскерге алынып, майданда қаза болған. Фото суреттері мен өмірі жайлы материалдар Абайдың Семейдегі қорық-музейі қорында сақтаулы.

38. Қалышер Мекайылұлы (1921-42) – Абайдың немересі. Шешесі-Дәмежан. Қалышерге бай тұқымы деген айып тағылып, жер аударылған. Фрунзе (Бішкек) қаласынан әскерге аттанып ұлы Отан соғысында қайтыс болған. Қалышердің фото-суреттері, өмірі туралы материалдар Семейдегі қорық-музей қорында сақтаулы.

ӘЙГЕРІМНЕН (ШҮКІМАН)ТУҒАН ҰЛЫ ІЗКӘЙІЛДАН:

39. Тоқташ Ізкәйілұлы (1924-43) – Абайдың немересі. Тоқташ неміс фашистеріне қарсы ұлы Отан соғысына қатысып, сонда қаза болған. Ол домбыра, гармоньда ойнап, Абай әндерін айтқан. 1934 жылы маусымда Бүкілқазақстан халық өнерпаздарының 1-ші слетіне қатысқан.





ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚ СӨЗЖҰМБАҒЫНЫҢ ӘЛІППЕСІ

Жұмбақ сұрақтар, жұмбақ айтыс, жұмбақ өлеңдер қазақ халқында ежелден бар. Ал кескіндеме, сызба түріндегі сөзжұмбақ (кроссворд) мөлшері «Қазақстан әйелдері» журналында 1950-ші жылдардан бастап жарияланды. Жалпы кроссворд ХІХ ғасырда тұңғыш рет 1875 жылы қыркүйек айында АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында шығатын «Святой Николас» журналында жарық көрді. Россияда бірінші рет 1925 жылы 2 желтоқсанда Ленинградтан шығатын әдеби журнал «Резецте» №48, 1929 жылы 12 мамырда №18 «Огонек» журналында жарияланды. Кроссворд – ағылшын сөзі. Қазақша қюластыру, тоқылған, тепе-тең тағы басқа да мағына береді. Ұлы Абай:

«Ақылмен ойлап білген сөз,


Бойыңа жұқпас сырғанар.

Ынталы жүрек білген сөз,

Бар тамырды қуалар». – дейді. Сөзжұмбақтың күші, шешуінің ойда көпке дейін сақталып қалатындығында. Сөзжұмбақтың түрлері көп. Кроссворд, чайнворд, криптограмма, анаграмма, ребус, сканворд тағы басқа. Бұлардың құрастыру тәсілдері әр түрлі. Ең күрделісі – кроссворд. Оның екі түрі болады: Бірі тақырыптық, екіншісі жай түрі. Бұлардың өзі бірнеше тақырыпқа арналып, көп саланы қамтыды. Суреттері симметриялы, яғни екі қабырғасы, немесе төрт қабырғасы біркелкі болуы шарт. Сонда ғана нағыз шебер қолдан шыққан еңбек болады. Ұзақ жылғы тәжірибемді жинақтап, салалық сөзжұмбақтарды қазақшаға аудардым. Кроссворд – матау сөз, чайнворд – тізбе сөз, криптограмма – сан сөз, анаграмма – сөзден сөз, ребус – бейне сөз, сканворд – бағдар сөз. Бұл аударма Шығыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газет «Дидардың» 1995 жылғы 4 ақпан №15(14264) санында жарияланды. Жарық көріп жүрген сөзжұмбақтарды талдап, зерделеп қарағанда кейбір шұғылданушылардың шешу және құрастыру жолдарын жете білмейтіндіктері аңғарылып қалады. Осыны ойластыра келіп, қазақ сөзжұмбағының әліппесін ұсынуды жөн көрдім:



КРОССВОРД – МАТАУ СӨЗ



(екі қабырғасы, не төрт қабырғасы бірдей болу керек)

Тігінен

1. С. Торайғыров романындағы кейіпкер қыз. 2. Төрт түліктің ортақ атауы. 3. Киіз үйдің керегесі. 5. Қылыштың қыны. 6. Шаңырақты көтеретін бақа ауыз ағаш. 9. И. Байзақов дастанындағы 288 ару. 10. С. Мұқановтың «Ботакөз» романының кейіпкері. 15. Сойыл ағаш. 16. Алтай тауындағы ең биік шың. 19. Салмақ өлшемі (200 грам). 20. Радио атасы. 23. Ұй малы.


Көлденеңінен

3. Драматург Ш. Хұсайыновтың «Есіргенерке» пьесасының кейіпкері. 7. Жыл атауы. 8. Ұзатылған қызға арналған дүниелік.

11. Анды, құсты мылтықсыз аулайтын (ұстайтын) әдіс. 12. Қазанда пісірілген нан. 13. Жас жылқы. 14. Бала үшін ең аяулы адам. 17. Бас бармақ пен ортан саусақты кергендегі аралық. 18. Ай атауы. 21. Аңшының баптап ұстайтын құсы. 22. «Абай жолы» романындағы жазықсыз жазаланған кейіпкер. 24. Көрнекті қазақ ақыны (тегі).

Ескерту: жауаптары тор көздерде жазылған.

АНАГРАММА – СӨЗДЕН СӨЗ



Жауаптарын дұрыс тапқанда тігінен көмейіне сазды әуен ұялаған әнші құстың атауы оқылады. 1. Қазақ халық поэзиясының алыбы (тегі). 2. Баланы бесіксіз орап бөлеу. 3. Абайдың анасы. 4. Жүнді майдалау үшін қолданылатын жіңішке таяқ. 5. Бойжеткендерге арналған халық әні. 6. Азиядағы тау.

Ескерту: жауаптары тор көздерде жазылған.



КРИПТОГРАММА – САН СӨЗ

1	2	3	4	5	6	7	7	8	7	9	10	1	2	3	11			
ө	з	е	к	қ	у	а	а	ғ	а	д	ы	ө	з	е	н			
	12	6	9	10	13	12	/	14	/	12	10	/	14	10	12	15		
	с	у	д	ы	ң	с	а	л	а	с	ы	а	л	ы	с	т		
7	11		12	16	14	3	17		18	3	19	3	9	20		16	9	3
ә	н		с	ә	л	е	м		б	е	р	е	д	і		ә	д	е
21	15	20		3	14	9	20	13		18	/	14	/	17	10	*		
п	і	і		е	л	д	і	ң		б	а	л	а	с	ы	*		

Бұл ойын түрінде әр әріп бір санмен белгіленеді. Әр бір сөздің арасындағы тор көз ерекше белгілермен бөлінеді. Сандардың орнындағы әріптерді табу үшін мынандай тәсіл қолданылады.

I. М. Әуезовтің дала тағысы туралы жазылған әңгімесі – 4, 1, 4, 12, 3, 19, 3, 4. (Көксерек). II. Музыкалық аспап – 9, 7, 6, 10, 14, 21, 7, 2. (Дауылпаз). III. Құрманғазының күйі – 18, 7, 14, 18, 10, 19, 7, 6, 10, 11. (Балбырауын). IV. Ошақтың шеңбері – 5, 7, 12, 7, 8, 7. (Қасаға). V. Қ. Аманжоловтың «Күпия қыз» поэмасының кейіпкері – 16, 18, 20, 14. (Әбіл). VI. Малға салатын белгі – 15, 7, 13, 18, 7. (Таңба). VII. Қазақ көркемфильмінің алғашқы қарлығашы – 7, 17, 7, 11, 4, 3, 14, 9, 20. (Аманкелді).

Жауабы: Өзек қуа ағады, өзен судың саласы, алыстан салем береді, әдепті елдің баласы.





ЧАЙНВОРД – ТІЗБЕ СӨЗ

1	ы	л	т	ы	қ	2	а	л	3	т	а	м	е	к
ы	6	ұ	қ	н	ы	я	о	ы	5	ы	з	а	4	е
с	ы	қ	б	е	к	7	е	б	і	8	е	м	е	й


Алдыңғы сөздің соңғы әрпі, келесі сөздің бас әрпі болып тізбектеле береді. 1. Атыс қаруы. 2. Елді мекен. 3. Ш. Аймановтың туындысы. 4. Қаракерей Қабанбайдың қызы. 5. Оңтүстік Қазақстандағы құмды алқап. 6. Ғ. Мұстафиннің «Еңбек бірлігі» әңгімесінің кейіпкері. 7. Қонышсыз аяқ киім. 8. Қазақтың рухани астанасы.

Жауабы:

1. Мылтық. 2. Қала. 3. Атамекен. 4. Назым. 5. Мойынқұм. 6. Мысықбек. 7. Кебіс. 8. Семей.

РЕБУС – БЕЙНЕ СӨЗ

Бұл суреттерге қарап шешетін жұмбақ.



Жауабы: Ағаш көркі жапырақ.





СКАНВОРД – БАҒДАР СӨЗ

Бұл сызықша қойылған тор көзден басталып, ретіне қарай шешіле береді.

Абайдың «Қызарып, сұрланып» өлеңі бойынша құрастырылды.

						1 Аяң ... ақырын.
	2 Лүпілдеп	3 Өзді – өзі кер... .	4 Ра...пен өлсіреп		5 Жі... пен ол қыз да	
	6 Саусағы суы... .				7 Жанында ж...ырақ	
	8 Пішіні құбыл... .	9 Екі ғашық құм...лы.		10 Жүрегі елжір... .		

Жауабы:

1. Деп. 2. Жүрегі. 3. Егі. 4. Хат. 5. Гіт. 6. Нып. 7. Ап. 8. Ып. 9. Ар. 10. Еп.

Пайдаланылған дерек көздерінің тізімі

1. Абай Құнанбаев. (Ибраһим) Құнанбаев. Толық жинағы «Ғылым» баспасы, Алматы 1977.

2. Абайдың ақын шәкірттері төрт том. «Дәуір» Алматы. 1993-1997.

3. Абай журналдары

4. Абай энциклопедиясы «Атамұра» 1995.

5. Әр түрлі деректі ақпараттар

6. Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» эпопеясы. Алматы 1961





МАЗМҰНЫ

Туындыгерден	3
Пікірлер.....	6
Алтын хакім Абайға.....	8
Абайдың ақындығы	9
Алла енді келтірер ме сендей ұлды.....	10

БІРІНШІ БӨЛІМ

АБАЙДЫ ОҚЫ, ОЙЛАН ТАП.....	11
Сансөздер.....	12
Сан сөздердің жауаптары	110
Бағдар сөздер.....	122
Бағдар сөздердің жауаптары	126
Тізбе сөздер.....	127
Тізбе сөздердің жауаптары.....	161
Матау сөздер.....	165
Матау сөздердің жауаптары	224

ЕКІНШІ БӨЛІМ

МҰХТАР ӘУЕЗОВТЫҢ	
«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫ БОЙЫНША:.....	231
Сөзжұмбақтар.....	232
Сөзжұмбақтардың жауаптары.....	315

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Абай әулеті.....	325
------------------	-----

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

Қазақ сөзжұмбағының әліппесі	346
------------------------------------	-----





Бағасы келісімді

Қалибек АЛТЫБАЕВ

АБАЙ ӘЛЕМІНЕ СЯХАТ

Редактор: Алтыбаева Айжан
Техникалық редактор: Беспеева Айжан
Беттеуші оператор: Бақытбек Айжан

ISBN 978-601-7473-46-4



9 786017 473464

Басуға 13.04.2022 ж. қол қойылды.
Есептік баспа табағы 44,25. Шарты баспа табағы 41,15. Көлемі 60x84/8.
Тираж 100 экз. Заказ № 8707. Қағазы офсеттік.

 **SHYGYS
AQPAPAT**
МЕДИАХОЛДИНГ

«Шығыс ақпарат» ЖШС
баспаханасында басылды.
070003, Өскемен қ., Космическая к. 6/3.
Тел. 75-44-78



Қалибек Қизатұлы Алтыбаев

1943 жылы туған. Зайсан ауданының Құрметті азаматы. Қазақстан Жазушылар, Журналистер Одақтарының мүшесі. Қазақстан КИЭС рекордтар кітабына кірген сөзжұмбақшы. «Сан сұраққа саяхат» (1993), «Зайсан өрнектері» (2000), «Абайдың алып айдынынан» (2001), «Шырағың мәңгі сөнбейді» (2003), «Сынаптай сырғыған жылдарым» (2003), «Атамекен Зайсан» (2006), «Еңбек – ырыстың бұлағы» (2007), «Зайсан» - фотоальбомы (2008), «Тегін білу – тектіліктің тірегі» (2009), «Ұстаз – елдің тірегі» (2011), «Үш кемелдің шалқарынан» (2011), «СМУ- Шығыс кәсіпорны» фотоальбомы (2011), «Жақсының аты қалар жарқыраған» (2012), «Абайды оқы, ойлан тап» (2012), «Менің құрдастарым» (2012), «Нартұлға», (2014), «Қарсалшак» (2014), «Абай әлемі» (2014), «Қаратал ауыл округінің бүгіні мен өткені» (2015) «Абылай ханның шеп бұзар батырларының бірі – Баймұрат Бәйімбетұлы» (2017) «Абай» (2017), «Ұлы Абай шығармалары арқылы өрнектелген 100 тұңғыш» (2019), 2021 жылы 2 томдық «Бабадан қалған байтағым» атты кітаптары жарық көрген.

ISBN 978-601-7473-46-4



9 786017 473464

Мұқабадағы сурет: Ә.Қастеев. Шыңғыстаудағы жаз